

**Блум таксономиясы оқыту
нәтижелілігін бағалау
әдістемесі ретінде**



Дәріс жоспары:

Кіріспе сөз.

Бенджамин Блум туралы өмірдерек.

- ❖ Б.Блум таксономиясы бойынша танымдық салада оқу мақсаттарының категориялары.
- ❖ Б.Блум таксономиясы бойынша сұрақтар мен тапсырмалар үлгісі.
- ❖ Б.Блум таксономиясы бойынша сұрақтар мен тапсырмалар үлгісінің мазмұны.
- ❖ Оқушыларға (үйренушілерге) берілетін тапсырмалар.
- ❖ Оқушыларға (үйренушілерге) қойылатын сұрақтар (мысалдар).
- ❖ Он екі баллдық жүйе енгізгенде оқушылардың білімін бағалау балын бөлу жобасы (танымдық қабілеттерінің даму деңгейі).
- ❖ Күнделікті сабақ жоспарының жобасы.
- ❖ Оқушылардың танымдық қабілеттерінің даму деңгейін анықтау кестесі.

Мақсат қою туралы

Мақсатқа жеткісі келген адам оны жақсы білуі керек.

* * *

Өлшенетін нәрсе ғана өнімдірек жасалады.

* * *

Жоспарлаған адам ғана жақсы ұйымдастыра алады.

* * *

Мұхитты жүзіп өту үшін кемені өзің жасауың керек.


Таксономия түсінігі

Таксономия (грекше. *táxis* — орналасу, құрылыс, тәртіп және *nómos* — заң).

Таксономия – олардың иерархиясын (белгілі бір құрылымдағы бірізділігін, реттілігін) құрастыру мақсатында берілген нысандарды нақты бір өлшемдер мен қағидалар бойынша жіктеу.


Таксономия барлық оқу мақсаттары мен нәтижелері бірдей маңызға, құндылыққа ие бола алмайтындығына негізделген.

Блум таксономиясы




**Бенджамин Блум
(1913-1999)**

Блум, Бенджамин (ағыл. Benjamin Bloom) (1913-1999) –америкалық психолог, оқыту әдістерін зерделеген, «Блум таксономиясы» атауын алған жүйені құрушы.




❖ 1942 жылы Чикаго университетінде доктор дәрежесін қорғаған. 1965-66 жылдары Ағарту ісін зерттеушілер бірлестігінің президенті болған. 1960 жылдары Б.Блум кейіннен «Блум таксономиясы» деп аталып кеткен тұжырымдаманың негізін құраған екі монография басып шығарды: «Адами мінездемелер тұрақтылығы мен өзгеруі» және «Білім мақсаттарын жіктеу».

- 
- ❖ XX ғасырдың 60-70 жылдары АҚШ-тың көптеген білім беру мекемелері Блум тұжырымдамасын қабылдаған, алайда ол жөнінде ғалымдар мен практиктердің тарапынан көптеген сын айтылуына байланысты оларды мектепте қолдану деңгейі едәуір төмендеді.

Блум таксономиясы

Білімді игеруге бағытталған 6 қадам



Блум таксономиясы бойынша категориялар мазмұны, сұрақтар мен тапсырмалар үлгісі

I. Білу.

Таным мен ойлау деңгейі – төмен деңгей.

Бұл категория мәліметтерді қайталау немесе тану арқылы есте қалай сақталғанын тексеруге бағытталады, мағлұмат пен деректерді еске түсіреді.

Шәкірт:

Қолданылған терминдерді біледі (есте сақтайды және қайталайды);

- ❖ Нақты фактілерді біледі;
- ❖ Жұмыстың орындалу ретін біледі,
- ❖ Негізгі ұғымдарды біледі;
- ❖ Ережелерді, қағидаларды біледі.

Тапсырмалар түрі:

Не? Қашан? Қандай? Қайда? Формуласын жазу, атап көрсету, жабық тест тапсырмалары; қалдырып кеткен белгілерді қою; жатқа айту; анықтамалар мен атауларды қайталау, олардың қолдану тәртібін айту.

❖ II. Түсіну.

Таным мен ойлау деңгейі – орта деңгей.

Оқу материалын түсінгендіктің ретінде келесідей әрекеттерді атқаруды атауға болады:

Трансляция – оқу материалын бір «тілден» екінші «тілге» ауыстыру (мысалы, математикалық формуланы сөзбен айтып беру; сөзбен келтірілген мәліметті кесте, схемамен көрсету, т.б.);

Интерпретация – оқу материалын «өз сөзімен» түсіндіру, қысқаша баяндау;

Жорамалдау – оқу материалдары бойынша әңгіменің әрі қарай не туралы болатындығын, оның салдары мен нәтижелерін болжау.

Шәкірт:

- ❖ Фактілерді, ережелерді, қағидаларды түсінеді;
- ❖ Сөзбен келтірілген материалды, схемалар, графиктер, диаграммаларды түрлендіреді;
- ❖ Сөзбен келтірілген материалды математикалық ұғымдарға өзгертеді;
- ❖ Берілген ақпарат бойынша болашақта туындалуы ықтимал салдарын сипаттайды.
- ❖ **Тапсырмалар түрі:**
Қалай? Неліктен? Сөйлемді аяқтаңыз; сөйлемді өзгертіңіз; өзара байланысын түсіндіріңіз; айырмашылығын көрсетіңіз; өз сөзіңізбен айтыңыз; графикті, суретті түсіндіріп беріңіз.

III. Қолдану.

Таным мен ойлау деңгейі – орта деңгей.

Бұл категория оқу материалын нақты жағдайда және мүлдем жаңа ситуацияда қолдануды меңзейді. Мұнда ережелерді, әдістерді, ұғымдарды, заңдарды, қағидаларды, теорияларды, практикалық тұрғыдан қолдану кіреді. Оқу нәтижелері түсіне деңгейіне қарағанда материалды тереңірек игеруді талап етеді.

❖ **Шәкірт:**

- ❖ Ұғымдар мен қағидаларды жаңа жағдайларда қолданады;
- ❖ Заңдар мен теорияларды практикалық тұрғыдан нақты ситуацияларда қолданады;
- ❖ Әдіс немесе жұмыс ретін дұрыс қолданатындығын көрсетеді.

Тапсырмалар түрі:

Жасап көр; таблица, график жаса; қолдану мақсатын түсіндір; есепті бірнеше тәсілмен шеш, берілген гипотезаны тексер.

IV. Талдау.

Таным мен ойлау деңгейі – жоғарғы деңгей.

Оқу материалының құрылымы анық көрінуі үшін оны құрамдас бөліктерге бөлу: бүтіннің бөліктерін ажырату; бүтіннің бөліктерінің арасындағы өзара байланыстарды анықтау, бүтіннің қалайша ұйымдастырылғандығын сезіну. Бұл категория оқу материалының мазмұнын сезінумен қатар оның ішкі құрылысын қалайша құралатындығын меңзейді.

Шәкірт:

- ❖ Жасырын (көзге көрінбейтін) жәйттерді ашады;
- ❖ Ойдың өрбуінен қателер мен олқылықтарды айқындайды,
- ❖ Фактілер мен олардың салдарының арасын ажыратады;
- ❖ Ұсынылған фактілердің маңыздылығын айқындайды.

Тапсырмалар түрі:

Құрылымы қандай? Салдары неде? Топтастырыңыз; салыстырыңыз; себебін талдаңыз.

V. Жинақтау.

Таным мен ойлау деңгейі – жоғарғы деңгей.

Оқу материалының элементтерінен жаңашыл сипаттан бүтінді (нәтижені) құрастыру. Жаңа нәтиже ретінде оқу материалдарын мүлдем өзгеше реттейтін хабарлама (баяндама, сөз), жұмыс жоспары, схемаларды атауға болады. Мұндай оқу нәтижелері жаңа мазмұн мен жаңа құрылымдарды жасап шығаратын шығармашылық әрекеттерді қолдануды талап етеді.

Шәкірт:

- ❖ Шығармашылық тұрғыдан кішігірім шығарма (эссе) жазады;
- ❖ Тәжірибе жасаудың өзіндік жоспарын ұсынады;
- ❖ Қандай да болмасын проблеманы шешу үшін өз білімдерін шығармашылықпен қолданады.

Тапсырмалар түрі:

Өз шешіміңізді табыңыз, алгоритм құрастырыңыз, баламасын табыңыз, бөліктерден құраңыз, жүйелестіріңіз, зерттеңіз.

VI. Бағалау.

Таным мен ойлау деңгейі – жоғарғы деңгей.

Оқу материалының маңызын анықтау, ол туралы өзіндік пікір келтіру, ойын білдіру. Бұл деңгей алдыңғы категориялардың оқу нәтижелелеріне қол жеткізуді меңзейді.

Шәкірт:

- ❖ Оқу материалы құрылымының логикасын жазбаша түрде бағалайды;
- ❖ Ішкі немесе сыртқы критерийлерге сүйеніп, оқу материалының маңыздылығын айқындатады;
- ❖ Жасалған шешімдер мен қорытындылардың берілген фактілерге сәйкестігін анықтайды.

Бенджамин Блум таксономиясы бойынша сұрақтар мен тапсырмалар үлгісінің мазмұны

- ❖ **Білу түрінің мазмұны:**
- ❖ Мәліметтерді қайталау немесе тану арқылы есте қалай сақталғанын тексеруге бағытталады, мағлұмат пен деректерді еске түсіреді:
 - ✓ жабық тест тапсырмалары;
 - ✓ қалдырып кеткен белгілерді қою;
 - ✓ жатқа айту;
 - ✓ анықтамалар мен атауларды қайталау, олардың қолдану тәртібін айту.

□ Түсіну түрінің мазмұны:

- ✓ мәліметтерді басқа таныс жүйеге ауыстыру, оларды түрлендіру;
- ✓ есте сақталған мағлұматты басқаларға жеткізу жолдарын айқындау.
- ✓ ұқсастықтарды анықтау;
- ✓ айырмашылық жасау мен салыстыру, нәтижені суреттеу.

«Түсіну» ұғымын төрт топқа бөлуге болады:

1. Түсіндірме (интерпретация) - негізгі идеяларды және олардың өзара байланыстарын анықтау:
 - ✓ "Қалай? Неліктен?" сұрақтарына жауап іздену;
 - ✓ "Салыстырыңыздар",
 - ✓ "Айырмашылығын көрсетіңіздер" тапсырмаларын орындау.



2. Аударма (трансформация) - мағынасын сақтай отырып, идеяларды таныс жүйеге, формаға ауыстыру:

- ✓ формуланы сөзбен айтып беру;
- ✓ графикті оқып беру;
- ✓ суретті түсіндіру;
- ✓ мәліметті өз сөзімен мазмұндау.

3. Мысалдар - мәліметті, ойды дұрыс түсінгендікті көрсетеді.

4. Анықтамалар:

- ✓ атау немесе түсініктің мағынасын өз сөзімен жеткізу;
- ✓ таныс және түсінікті сөздермен анықтамаларды тұжырымдау (*анықтамалар жаттанды немесе оқулықта келтірілгендерді қайталамауы керек*).



Қолдану түрінің мазмұны:

- ✓ Белгілі бір проблеманы шешу үшін мәліметті қолдану немесе іске асыру;
- ✓ оқушы/студент мұғалімнің/оқытушының көмегінсіз таныс емес проблеманы өзінше шешуі керек;
- ✓ ұстаз тек шешімге емес, шешу процесінің құралуына да назар салуы керек, өйткені шешу жолы шешімнің өзінен де маңызды болуы мүмкін.



Талдау (анализ) түрінің мазмұны:


зерттеу нысанының құрылымын анықтау мақсатымен оны құрамдас бөліктерге жіктеу;

- ✓ оқушы/студент әртүрлі бөліктердің қалайша жұмыс істейтіндігін және нәтижеге қалай жеткізетіндігін анықтайды, түсіндіреді.

Түсінуден талдау мәліметті терең өңдеумен, игерумен ерекшеленеді.

Талдаудың түрлері:



1. Негізін тану;
2. Астарлы мағынаны ажырату;
3. Қозғаушы күшті (мотивацияны) анықтау.



1. Негізін тану – құрамдас бөліктерге жіктеу (мәліметтің негізгі түсініктері арасындағы қатынастарды көрсету үшін оқушылар/ студенттер оның шеңберінен шығуы керек), айтылған ойды дамыту.

2. Астарлы мағынаны ажырату – екі тұжырымның қатынасын көрсетуді талап етеді (тура көрсетілмеген шешімдер, ассоциациялар, себеп-салдар келтірілуі мүмкін).

3. Мотивация – себептерді айқындау. Оқушы /студент тура және жасырын (астарлы) мағына мен әрекеттерді танып, өз ойларын дәлелдер арқылы қорғауы керек.





Синтез түрінің мазмұны:

- ✓ жаңа мазмұн тудыру мақсатымен элементтерді шығармашылықпен біріктіру;
- ✓ болжау, шарттылық, мүмкіндік ұғымдарын қолданып, өз тәжірибесі негізінде жаңа модель (құрылым) құрастыру.

Жұмыс және нәтиже түрлері:

- ✓ шығармашылық жанрлар.
- ✓ жоспар құрастыру немесе тәжірибе қою, өткізу.
- ✓ абстрактылы ұғымдармен негізделетін нәтижелер.



Бағалау түрінің мазмұны:

- ✓ даулы және пікірталас туғызатын мәселелер бойынша шешім қабылдап, оны дәлелдейді;
- ✓ оқушылар /студенттер өз ойларын, идеяларын, пайымдауларын мазмұндап, оларды негіздейді;
- ✓ оқушылар өз позицияларын нақтылық, логикалық жүйелілік, дәйектілікке негіздеуі қажет.


Оқушыларға (үйренушілерге) берілетін тапсырмалар мазмұны

□ Білу

Анықтау, қайталау, белгілеу, санап шығу, еске түсіру, атау, назар аудару, жаттау.

□ Түсіну

Аудару, сөзбен қайта құрастыру, сипаттау, анықтау, түсіндіру, жеткізу, ерекшелігін анықтау, өз орнына қою, әңгімелеп беру, мәлімдеп беру, салыстыру, айырмашылығын көрсету, ұқсастықтарын келтіру, графикті оқып беру, суретті түсіндіру, өз сөзімен айту, анықтаманы тұжырымдау



Қолдану

- ❖ Интерпретациялау, қолдану, бір нәрсеге тіркеу, пайдалану, көрсетіп беру (жұмыс ретін, қағидасын), ережесін сақтап орындау (рөлді орындау), практикада қолдану, иллюстрациялау, идеяларға жүгіну, жазып көрсету, реттеу, нобайын салу.

□ Талдау (анализ)

- ❖ Бөліп шығару, талдау, бөлу, баға беру, санап шығару, тәжірибе жасау, тестілеу, салыстыру, қарама-қарсы қою, сынау, диаграммамен көрсету, тексеру, талқылау, анықтап сұрау, салыстыру, мәселені шешу, категорияларға бөлу.




❑ **Жинақтау (синтез)**

❖ Құрастыру, жоспарлау, ұсыну, жасау, сөзбен құрастыру, құрастыру/ретімен қою, жинақтау, шығармашылықпен орындау, ұйымдастыру, дайындау, жасап беру.

❖ **Бағалау**

❖ Тиянақтау, салмақтау, бағалау, рейтингілеу, салыстыру, қайта қарастыру, рет-ретімен қою, сұрыптау, таңдау, өлшеу, жазу, жақтап не жоққа шығаратын дәлелдер келтіру.

- 
- ❑ **Таным мен ойлау деңгейі бойынша:**
 - ✓ **білу** шкаласын «**төменгі**» деп бағаланады;
 - ✓ **түсіну** мен **қолдану** шкаласын «**орта**» деп бағалаймыз;
 - ❖ **Талдау (анализ), синтез және бағалау** шкалаларын «**жоғарғы**» деп бағаланады.

Оқушыларға (үйренушілерге) қойылатын сұрақтар (мысалдар)

Білу

- ✓ Ұлы Отан соғысы қашан басталды?
- ✓ Бастауыш деген не?
- ✓ Жай бөлшектер қалай жазылады?
- ✓ Египеттің астанасы қай қала?

Түсіну

1. Түсіндірме:

Х пен У арасындағы айырмашылық қандай?

- ✓ Батыс және Шығыс Қазақстанның рельефін салыстырыңыздар.

2. Аударма:



- ✓ Түсінгеніңізді өз сөзіңізбен айтып беріңіз;
- ✓ Зерттеуіңізді таблица жүзінде көрсетіп, қысқаша мазмұндап беріңіз;
- ✓ Шығарманың сюжетін өз сөзіңізбен әңгімелеп беріңіз.

3. Мысалдар:

- ✓ Тақырып (анықтама) бойынша мысал келтіріңіздер.

4. Анықтамалар:

- ✓ 3-сынып оқушысына түсінікті болатындай етіп проблеманың анықтамасын беріңіз;
- ✓ Осы атауды өз сөзіңізбен түсіндіріп беріңіз.



Қолдану

- ✓ оқушыларда /студенттер де метафора мен теңеу туралы түсінік бар (Білім), олардың айырмашылығы да белгілі (Түсіну), енді олар Абайдың “Қыс” өлеңінде метафора мен теңеу қандай бейнелерді құрастыратындығын айтып беруі керек.
- ❖ “Қалай қолдануға болады? Жасап көр. Не білгің келеді? Таблица, график жаса” тапсырмаларына сәйкес.



Талдау (анализ)

1. Негізін тану:

- ✓ әңгіме бөлімдерінің өзара айырмашылықтарын келтіріңіз;
- ✓ теореманың екі бөлігін салыстырыңыз.

2. Астарлы мағына:

- ✓ зейнетақы реформасының мәні қандай?
- ✓ “Ер туған жеріне, ит тойған жеріне” деген мақалды қалай түсінесіз?

3. Мотивация:

- ✓ Президенттің желтоқсан айындағы АҚШ-қа жасаған сапарының себебі қандай?
- ✓ жердің сатылуы туралы мәселенің қазіргі күні талқылануы неліктен?

Синтез

1. Шығармашылық жанрлар - эссе, шығарма, өлең, шешендік (ораторлық) сөз, сценарий, компьютерлік бағдарлама жазу.
2. Мәлімет бойынша барлық білімді тиянақтап, оны бір жүйеге келтіріп, жоспар немесе кесте құру (Тәжірибені жоспарлап, нәтижесін бақылау).
3. Ғылыми гипотеза (болжау) құрастырып, ұсыну.

Бағалау

«Сіздің ойыңызша бұл дұрыс /бұрыс, маңызды ма/ емес пе, жақтайсыз ба/ қарсысыз ба?» деген пікірталас, полемика мен дау-дамай туғызатын сұрақтар арқылы жүзеге асырылады.

1-2.Пәндер бойынша тапсырма түрлері

◆ 1.Білу

- ◆ 1.Зат есімге анықтама беріңіз.
- ◆ 2.Әрекет мәні әңгіменің қай жерінде айқындалады?
- ◆ 3.Тіршілік иелерін қандай екі категорияға жіктеуге болады?
- ◆ 4. $(9-177)/21+8$ өрнегінің мәнін табыңыз.
- ◆ 5.ҚР парламентінің негізгі палаталарын атаңыз.

◆ 2.Түсіну

- ◆ 1.Иллюстрациядағы эпизодтан кейін роман кейіпкеріне не болғанын әңгімелеңіз.
- ◆ 2.ХХ ғ.ғ басы, ортасы, аяғында Германияда болған оқиғалар туралы үш сурет салыңыз.
- ◆ 3.Параграф мазмұнын өз сөзіңізбен қысқаша айтып беріңіз.
- ◆ 4.Президент міндеттерін сипаттайтын 2-3 беттік шығарма жазыңыз.
- ◆ 5.Неліктен географиялық карталарда таңбалар қолданылады?

3-4. Пәндер бойынша тапсырма түрлері

◆ 3. Қолдану

- ◆ 1. Берілген сөздің әрбірін қолданып сөйлем құрастырыңыз.
- ◆ 2. Картадағы белгілерді пайдаланып, қаладағы үш ескерткішке бару маршрутын жаса.
- ◆ 3. Өздеріңіз оқитын сыныптың ауданын табыңыздар.
- ◆ 4. Әңгіменің толық оқып болған соң, оның немен аяқталатынын табыңыз.
- ◆ 5. Игерілген ылғалдылықты анықтау тәсілін қолданатын үш жағдайды көрсетіңіз.

◆ 4. Жүйелеу (Талдау)

- ◆ 1. Бұл оқиғалардың қайсысы шын мәнінде болған, қайсылары жалған?
- ◆ 2. Азамат соғысы мен ауған соғысынан кейінгі жағдайлар ұқсастығы.
- ◆ 3. Бұл коллекциядағы минералдарды үш белгі бойынша бөліңіз.
- ◆ 4. Талқыланған мақаладан үш дерек пен үш пікір табыңыз.
- ◆ 5. Жәндіктерді сипаттамасы бойынша қай тұқымдасқа жататынын анықтаңыз.

5-6. Пәндер бойынша тапсырма түрлері

◆ 5. Жинақтау (синтез)

- ◆ 1. 15 географиялық элемент арқылы қиялдағы елді картаға түсіріңіз.
- ◆ 2. И. Тургеневтің «Му-му» әңгімесін иттің тұрғысынан жазыңыз.
- ◆ 3. Эксперимент нәтижелерін ескере отырып, себептеріне болжам жасаңыз.
- ◆ 4. Болған оқиға туралы мәліметтерді фельетон түрінде жазыңыз.
- ◆ 5. Мектеп ауласын көгалдандырудың әр түрлі жолдарын көрсетіңіз.

◆ 6. Салыстырмалы бағалау

- ◆ 1. Қала әкіміне кандидаттардың бәрі жоғары білімді болуы тиіс пе?
- ◆ 2. Поэманың екі басты кейіпкерін салыстырыңыз.
- ◆ 3. Қазіргі заманда оқушыларға ауызша есептеу дағдылары керек пе?
- ◆ 4. Әділетсіздікті түзеу үшін күш қолдану қажет пе? Пікіріңізді дәлелдеңіз.
- ◆ 5. Зерттелгендердің ішінен қай орта сіз үшін өмір сүруге қолайлы? Неліктен?

Он екі баллдық жүйе енгізгенде оқушылардың білімін бағалау балын бөлу жобасы (танымдық қабілеттерінің даму деңгейі)

Мақсат	Белгілері	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Балл
Білім (знание)	Берілген жаңа түсінікті ұғу, еске ұстау, бұрынғы білімді еске түсіру.	Айтыңдар, жазыңдар, атап беріңдер, орнына қойыңдар.	Тыңдайды, қабылдайды, еске сақтайды, ойлайды.	1 б 2 б
Түсіну (понимание)	Жаңа материалда берілетін білімді түсіну, өзінше түсіндіру немесе болжам жасауы.	Өз ойларыңды айтыңдар, түсіндіріңдер, ұқсастық, айырмашылығын көрсетіңдер, мәнін түсіндіріңдер.	Түсіндіреді, айтады, көрсетеді, жазады.	3 б 4 б

Мақсат	Белгілері	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Балл
Қолдану (применение)	Ережелерді, әдістерді, заңдарды, ұғымдарды, қағидаларды, теорияны қолдану. Оқушы жаңа жағдайларда ұғымдар мен қағидаларды пайдаланады, әдісті немесе әрекетті дұрыс қолдануын көрсетеді.	Қолданыңдар, табыңдар, пайдаланыңдар.	Бұрынғы білім негізінде соны пайдалана отырып жаңа проблеме шешеді.	5 б 6 б
Талдау (анализ)	Біртұтастың бөліктерін белгілеу: олардың өзара байланысын айқындау; тұтасты ұйымдастыру қағидаларын түсіну. Оқушы қисынды ойланудағы қатерлері мен кемшіліктерін көрсетеді.	Былай қарағанда, салыстырғанда, басқаша ойластырғанда, басқаша ерекшелігін табыңдар, негізгі қасиетін дәлелдеңдер.	Ойланады, салыстырады, табады, талқылайды, ашады, ізденеді.	7 б 8 б

Мақсат	Белгілері	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Балл
Жинақтау (синтез)	Жеке бөлшектерден, дара ұғымдардан тұтас дүние жасау (жалқыдан жалпыға).	Құрайық, ойланайық (жаңа нәрсе), керісінше, мүмкін.	Ойланып табады, құрастырады, шығарады, байланыстырады. Бағалайды, талқылайды, өз талабын айтады.	9 б 10 б
Бағалау (сыни пайымдау)	Жаңа ұғым, жаңа материалдың құндылығын, керектігін анықтау, пайымдау.	Бәрінен жақсы, бәрінен жаман, неге солай, пікірдің біреуіне келісемін, сын айтыңдар.	Бағалайды, талқылайды, өз талабын айтады.	11 б 12 б

С.Торайғыровтың «Шығамын тірі болсам адам болып» тақырыбындағы сабақ мақсатының алгоритмі

Білу	Өлеңде қандай мәселелер көтерілген? Ақынның өмір сүру мақсаты.
Түсіну	«Адам болу» дегенді қалай түсінесің? Ақынша «адам болуға» қандай қасиеттер кедергі жасайды? Қандай қасиеттер оған жақындатты?
Қолдану	Ақын өлеңінің бүгінгі таңда маңызы бар ма? Өлеңнің өздеріңе әсері арқылы ойларыңды айтасыңдар.
Жүйелеу (талдау)	Қалай ойлайсыңдар, ақын арманына жетті ме? «Адам болу» мақсаты орындалды ма? Ойларыңды ақын өмірі, соңғыға қалдырған мұрасы арқылы дәлелдендер.
Жинақтау	«Ақын арманы» немесе өз қалауларың бойынша ат қойып, шағын шығарма-толғау жазыңдар. «Адам болу - мұратым» атты ауызша сұхбат жүргізіп, пікірлесіңдер.
Бағалау	Ақын өлеңінің бүгінгі таңда маңызы бар ма? Өлеңнің өзіне әсері арқылы ойларыңды айтасыңдар.

Мақсат пен баллдық көрсеткіш арасындағы эталондық қатынас

Мақсаттар категориясы	Нақты мақсаттардың эталондық көрсеткіштері	балл
<p>Білу: Мақсаттың бұл категориясы оқыған материалды есте сақтауды қайталап беруді білдіреді.</p>	<p>Пайдаланылған сөздіктер мен түсініктерді біледі.</p> <p>Нақты фактілерді біледі.</p> <p>Негізгі ұстанымдар мен ережелерді біледі.</p>	<p>0,5</p> <p>0,5</p> <p>1</p> <p>2</p>
<p>Түсіну: Берілген материалды өз сөзімен басқа формада жеткізе алады.</p>	<p>Ұстанымдарды, ережелерді, фактілерді түсінеді.</p> <p>Мәтінді басқа (графикалық, диаграмма) формада жеткізе алады.</p> <p>Нәтижеден туындайтын затты, құбылысты немесе нәтиженің келешегін болжай алады.</p>	<p>0,5</p> <p>1</p> <p>2</p> <p>,5</p> <p>4</p>

Мақсаттар категориясы	Нақты мақсаттардың эталондық көрсеткіштері	балл
<p>Қолдану: Оқыған материалды нақты жаңа жағдайда пайдалану біліктілігін көрсетеді.</p>	<p>Әдіс – тәсілдерді орнымен қолдану. Нақты жағдайларда ілімді, заңдылықты орнынша пайдалану. Ұстанымдарды, ережелерді, фактілерді жаңа жағдайға пайдалана алады.</p>	<p>1 2,5 2,5 6</p>
<p>Жүйелеу (талдау): Материалды негізгі компоненттерге жіктей білу.</p>	<p>Жасырын болжамды айқындау. Өрбу логикасында жіберілген кемшіліктер мен қателіктерді көре білу. Фактілер мен салдар арасындағы айырмашылықты ажырата білу.</p>	<p>2 2,5 3,5 8</p>

Мақсаттар категориясы	Нақты мақсаттардың эталондық көрсеткіштері	балл
<p>Жинақтау (пайымдау): Кешегі білімі мен бүгінгісіне сүйене отырып, ойды жинақтап түйін түйю.</p>	<p>Болжам жасау. Эксперимент жоспарын құру . Проблеманы шешу проектісін жасау.</p>	<p>2,5 3 4,5 10</p>
<p>Бағалау: Оқыған материалдың құндылығын бағалау.</p>	<p>Материалдың қажеттілігін айқындай білу. Жасалған қорытындының жарамдылығын бағалай білу.</p>	<p>6 6 12</p>

Ойлау деңгейі	Сұрақтар үлгілері
Білу және түсіну	Не? Кім? Қашан? Не үлгісі болып табылады? не тұспалданады? басқаша қалай түсіндіруге болады? бұл үлгі боп табыла ма? Мен мұны өз сөзіммен сипаттай алам ба?
Қолдану	Бұл қалай пайдаланылады? Бұл немен байланысты? ... қандай жағдайларда?
Жүйелеу (талдау)	Неге? Қалай? себебі не болып табылады? Қорытынды үшін не нәрсе дәлел? ...себебі қандай? ...бір-бірімен қалай үйлеседі?
Жинақтау	Егер бұл іске асатын болса, осыдан кейін не болады? Теорияның болжамы іске аса ма? Алынған ақпарат негізінде қандай қорытынды жасадым? Бұл онымен қалай байланысты?
Бағалау	Бұл жақсы ма және неліктен? Бұл қисынды ма және не себепті?

Білу	Қай жылы болды? Қайда болды? Қалай болды? Формуласын жазыңыз. Атап көрсетіңіз.	1-2 ұпай
Түсіну	Сөйлемді аяқтаңыз. Не білдіңіз? Неліктен? Сөйлемді өзгертіңіз. Өзара байланысын түсіндіріңіз. Өз сөзіңізбен айтыңыз.	3-4 ұпай
Қолдану	Бірнеше тәсілмен шешіңіз. Құбылыстың негізін түсіндіріңіз. Жорамалды тексеріңіз. Қорытынды жасаңыз.	5-6 ұпай
Жүйелеу (талдау)	Құрылымы қандай? Топтастырыңыз. Салдары не? Салыстырыңыз. Бөліктерге бөліңіз. Себебін талдаңыз.	7-8 ұпай
Жинақтау (топтау)	Өз шешеміңізді көрсетіңіз. Алгоритм ұсыныңыз. Баламасын табыңыз. Бөліктерден құраңыз. Жүйелеңіз. Зерттеңіз.	9-10 ұпай
Білімді бағалау	Қосынды ойды бағалаңыз. Жетістіктерін атаңыз. Өлшемдерін көрсетіңіз. Сәйкестігі қандай? Қаншалықты дұрыс? Өз ойыңыз?	11-12 ұпай

Мақсаттар	Пайдаланылатын етістіктер
Білу	еске түсіру, анықтау, мақұлдау, қайталау, атау, әңгімелеу, ұсыну, табу
Түсіну	қайта қарастыру, сәйкестендіру, талқылау, тарту, мойындау, қайта қарау, түсіндіру, әңгімелеу, айқындау
Қолдану	көрсету, тағайындау, орындау, суреттеу, қолдану, пайдалану, айналысу
Жүйелеу (талдау)	ажырату, саралау, үміт арту, даулау, жатқызу, салыстыру, тәжірибеден өткізу, қарама-қарсы қою, зерделеу
Жинақтау (топтау)	тұжырымдау, оқыту, әзірлеу, дамыту, қайта анықтау, ұсыну, жасау
Бағалау	жорамалдау, бағалау, таңдау, баға қою, анықтау, санау, өлшеу, айыптау

Күнделікті сабақ жоспарының жобасы

Мақсаты	Мұғалім қызметі	Оқушы қызметі	Тапсырма - лар жүйесі	Бағалау жүйесі	Күтілетін нәтиже
Білімдік	Проблема, ситуация тудыру арқылы оқушыға ой салу.	Өз мақсатын айқындай отырып, проблеманы шешуге әрекеттенеді.	Өзіндік жұмыс.	Өз-өзін бағалау 2 балл	Ынтасы қызығушылығы артады.
Түсіну	Мақсатқа жету жолдарын көрсетеді, ұйымдастырады.	Қойылған проблемаға өзіндік көзқарасын қалыптастырады	Кітаппен жұмыс	Бірін-бірі бағалау 4 балл	Танымпаздық іс-әрекеті, ойлау белсенділігі, тапқырлығы артады.

Мақсаты	Педагог қызметі	Оқушы қызметі	Тапсырма -лар жүйесі	Бағалау жүйесі	Күтілетін нәтиже
Пайдалану	Көмек нұсқау, т. б. дидактикалық материалдармен қамтамасыз ету.	Білімді терең, жете меңгеру үшін өзінің барлық іскерлігін пайдалану.	Қосымша Материалдармен жұмыс	Мұғалім бағасы 6 балл	Оқушының дербестігі, өз-өзіне сенімі қалыптасады
Талдау	Топ жетекшілері , консультант оқушылар арқылы көмек ұйымдастырылады.	Өзгені тыңдай отырып, өз білімін толықтырады.	Топпен жұмыс	Ұжым бағасы 8 балл	Өзін топта ұстай білу, өз ойын өзгенің ойымен салыстыру, толықтыру дағдысы қалыптасады

Мақсаты	Педагог қызметі	Оқушы қызметі	Тапсырмалар жүйесі	Бағалау жүйесі	Күтілетін нәтиже
Пайымдау	Жеке оқушылар ойын жинақтап түйін түйю әректін жасайды.	Өз жауаптарының жоспар тезисін жасай отырып, өз ойын мәнді жеткізуге тырысады.	Қойылған проблеманы шешудің өзіндік үлгісін жасаттыру.	Өзіндік қорытынды баға 10 балл	Өз білімін бағалауға дағдыланады, сыныппен арадағы ынтымақтастық пайда болады.
Бағалау	Қойылған проблеманың өзі үшін құндылығының неде екендігіне көзін жеткізу.	Қойылған проблеманың ақ-қарасын ажырата білу.	Жеке жұмыс өмірлік мәні бар ситуация тудыру.	Аралас баға 12 балл	Алған білімін өмірде пайдалануға дағдыланады

Оқушылардың танымдық қабілеттерінің даму деңгейін анықтау кестесі

Мектеп N..... Сынып Пән Мұғалім


Мерзімі «.....».....

<i>Деңгейлер</i>	<i>1-ші жыл</i>	<i>2-ші жыл</i>	<i>3-ші жыл</i>
	/	/	/
	оқушылар саны	оқушылар саны	оқушылар саны
Білу			
Түсіну			
Қолдану			
Жүйелеу (талдау)			
Жинақтау (топтау)			
Бағалау			

№	Оқушының тегі, аты- жөні	Білу	Түсіну	Қолдану	Жүйелеу	Жинақтау	Білімді бағалау
1							
2							
3							


Ескерту: Бірінші бағанға оқушының тегі, аты-жөні жазылады. Одан әрі + белгісімен осы оқушының бақылауға (диагностикалау) алынған кездегі танымдық қабілетінің деңгейі көрсетіледі.

- ❖ III деңгей тапсырмалары – «білу» және «талдау» деңгейіне;
- ❖ II деңгей тапсырмалары – «қолдану» және «талдау» деңгейіне,
- ❖ I деңгей тапсырмалары – «топтау» және «білімін бағалау» деңгейіне сәйкес келеді.



Егер оқушының шамасы тек қана III (жеңілдетілген) деңгей тапсырмаларына жететін болса, оның танымдық қабілеттерін даму деңгейі ең төменгі талап деңгей - «білу» және «түсіну» ауқымында. II деңгей тапсырмаларын орындайтын оқушы «топтау» және «білімін бағалау» деңгейінде.

Зерттеу жүргізілгенде диагностиканы оқу жылының басында және соңында 3-4 жыл бойына өткізуге болады. Бұл жеке оқушының да, сыныптың барлық оқушыларының да танымдық қабілеттерінің даму динамикасы анықтауға мүмкіндік береді.



**Көңіл қойып,
тыңдағандарыңызға
рахмет!**